

«АКАДЕМИК Е.А. БӨКЕТОВ
АТЫНДАҒЫ
ҚАРАҒАНДЫ УНИВЕРСИТЕТІ»
коммерциялық емес акционерлік қоғамы

100024, Қарағанды қ., Университет к-сі, 28 үй,
тел.: (7212) 35-64-12, тел./факс: (7212) 35-63-98
e-mail: office@buketov.edu.kz https://buketov.edu.kz



Некоммерческое акционерное общество

«КАРАГАНДИНСКИЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ
АКАДЕМИКА Е.А. БУКЕТОВА»

100024, г. Караганда, ул. Университетская, 28,
тел.: (7212) 35-64-12, тел./факс: (7212) 35-63-98
e-mail: office@buketov.edu.kz https://buketov.edu.kz

Non-profit limited company

«KARAGANDY UNIVERSITY OF THE NAME OF ACADEMICIAN E.A. BUKETOV»

28, Universitetskaya Str., Karaganda, Kazakhstan, 100024
tel.: (7212) 35-64-12, tel./fax: (7212) 35-63-98
e-mail: office@buketov.edu.kz https://buketov.edu.kz

№ 15-27-1/6548

на № _____ от _____

« 09 » 11 20 22 ж.

« _____ » 20 _____ г.

ҚР ҒЖБМ
Ғылым және жоғары білім
саласындағы сапаны
қамтамасыз ету комитеті

Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті Сармантаев Аян Сапаровичтың «Бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастыру» тақырыбындағы пысықталған диссертациялық жұмысын ҚР ҒЖБМ ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитетінің білім беру, психология және когнитивтік ғалымдар бойынша Сараптау кеңесінің (13 қыркүйек 2023ж №6 хаттама) ескертулерін ескере отырып жолдайды.

Диссертациялық жұмысқа Сараптамалық кеңестің қорытындысына сәйкес түзетулер енгізілді (1 қосымша ___ парақта).

2 қосымша: Диссертация CD-де – 1 дана;
Аттестациялық іс қағаздары

Басқарма мүшесі – ғылым жөніндегі
проректор, х.ғ.д., профессор

Диссертациялық кеңес төрағасы



Е.М. Тажбаев

С.К. Абильдина

Орындаушы: Мухаметжанова А.О.
Тел.: +7 771 195 2139

001807

- Диссертацияның бөлімдері мен бөлімшелерінің, кестелер мен суреттерінің атауларында толық түрде қайталанған диссертация тақырыбын сұрыптау;

Сұрыптау нәтижесі.

Диссертациялық жұмыста берілген бөлімдері мен бөлімшелерінің атауы мәтін мазмұнына байланысты нақтыланып өзгертілді (диссертациялық жұмыстың 2 бет).

Жұмыста берілген кестелер мен суреттер атауы нақтыланды (67 беттегі кесте 3; 62 беттегі сурет-2).

- «Бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастырудың педагогикалық мүмкіндіктері» бөлімшесін ұлттық- қозғалмалы ойындардың педагогикалық мүмкіндіктері туралы ақпаратпен толықтыру;

Ұлттық- қозғалмалы ойындардың педагогикалық мүмкіндіктері туралы толықтырылған ақпарат. Ұсынылып отырған ұлттық-қозғалмалы ойындардың біз зерттейтін бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін қалыптастыру үдерісінде, балалардың адамгершілік-жігер, белсенділік қасиеттері қалыптасады, белгісізді танып-білуге деген ізденіс қабілеті дамиды, сыныпаралық қарым-қатынас орната білу біліктіліктері артады, қажетті шешімді уақыты қабылдай білу тәжірибесі шыңдалады.

Сонымен бірге, танымдық белсенділікті қалыптастыратын ұлттық-қозғалмалы ойындарды қарастыру барысында, балалардың игеріп кетуіне жеңіл, ізденіске деген құштарлығын арттыратын, қиялын ұштайтын, зейінділігін қалыптастыратын, эмоционалдық жағымды көңіл-күйге бейімдейтін, ой-өрісі мен танымдық аясын кеңейтетін, сондай-ақ саналы іс-әрекетке итермелейтін және белсенділігін арттыратын педагогикалық құрал екендігін анықтадық.

Дей келе, баланың танымдық ерекшеліктерін дамытатын ұлттық-қозғалмалы ойын түрлерін зерттеу тобымыздың жас ерекшеліктеріне сәйкес сараладық, жіктедік, оларды іс жүзінде пайдаланудың тиімді жолдары мен педагогикалық мүмкіндіктерін айқындадық және сондықтан да дене шынықтыру сабақтарында жүйелі түрде қолдану керек деп ойлаймыз. 46 - 47 – ші беттер

Осы орайда айтарымыз, адамның өміртанымының алғашқы қадамы ол ойын десек адаспаймыз. Бастауыш білім беру денгейінде баланың өмірі, әлеуметтік ортаны танып білуі, еңбекке деген қатынасы мен дербес ерекшеліктері ойын үстінде қалыптасады. Олар ойын барысында өздерің еркін сезінеді, ізденімпаздық, тапқырлық әрекеті жүзеге асады, өмірдің өзіндегідей қуанып, ренжиді.

Сондықтан, бастауыш мектеп жасындағы оқушылардың танымдық белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастырудың педагогикалық мүмкіндіктері дегенде, біз бастауыш мектепте педагог оқушылардың талабын шаттандыратындай, ойын оятатандай, іскерлігін дамытатындай болу керек деп білеміз. Олар, білім алушылардың танымдық белсенділігін, саналы ойлана білуін, ой-өрісінің дамуын, төзімділікке баулуды үйрету, оқушылардың ұлттық санасын қалыптастыру, танымдық процестерін жандандыру, бұл әрине бүгінгі кун мұғалімінің басты міндеті деп есептейміз. 64 – ші бет

Сонымен қатар, белгілі бір шақтық кезеңге тән анатомиялық-физиологиялық және психологиялық ерекшеліктерді - жас ерекшеліктері деп атайды. Бастауыш білім беруде оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отыра оқыту ол баланың даму ерекшелігін ескеру болып саналады (82 – ші бет).

Ұлттық қозғалмалы ойындардың тарихи қалыптасқан құрама бөліктері (мазмұны, формасы мен әдістемелік ерекшеліктері), оны дене тәрбиесіндегі маңызды құралдардың

бірі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Ол құрал, іс жүзінде педагогикалық дұрыс қолданған жағдайда, дене тәрбиесінің тиімді әдісі (ойын) болып шыға келеді.

«Ойын әдісі» түсінігі қандайда-бір нақты ұлттық қозғалмалы ойындарды ғана емес, сонымен бірге ойынның әдістемелік ерекшеліктерін кез-келген дене жаттығуларында қолдануды да болжайды. Ондай жаттығулар өзінің мәнін сақтай отырып, өзінше ойындық ренде көрінеді. Олар балаларды эмоциялылығымен, түрлілігімен және жарыстық сипатымен өзіне тартып, қандайда-бір техникалық және тактикалық әдіс-тәсілді оңай меңгеруге көмектеседі.

Ұлттық қозғалмалы ойындарды ұйымдастыру мен өткізу кезінде ойындарды мақсатты пайдаланудың ғылымилығы мен жоспарлылығын, олардың тәрбиелік, білім беру мен сауықтыру нәтижелерін ескеру қажет.

Зерттеу проблемамыз бойынша психологиялық, педагогикалық ғылыми әдебиеттерге талдау негізінде біз ұлттық қозғалмалы ойындардың педагогикалық мүмкіндіктерін айқындадық. Олар бастауыш сынып оқушыларының: танымдық пен ой қабілеттерін дамытады; өздігінен жұмыс істеуге үйренеді; сөздік қоры байыды, тілі дамиды; зейіні қалыптасады; байқампаздығы артады; өзара сыйластыққа үйретеді; ұлттық еозғалмалы ойынның ережесін бұзбау, яғни, тәртіптілікке баулиды; бір-біріне деген оқушы сенімі артады достыққа, ынтымақтастыққа баулиды; сабаққа деген қызығушылығы артады. [135] (81 –ші бет).

- «Бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастырудың мазмұны» бөлімшесінде бастауышта оқитын білім алушының жас және дара ерекшеліктерін нақтылау, бастауыш сыныптың баласына сәйкес ұлттық-қозғалмалы ойындардың мазмұны мен танымдық белсенділікті қалыптастыру туралы ақпарат қосу;

Бастауышта оқитын білім алушының жас және дара нақтыланған ерекшеліктері. Педагогика және психология балалардың жас ерекшеліктеріндегі ширақтықты, өзгерімпаздықты айқындайды, тәрбиеленушінің және қоршаған ортамен жасайтын қарым-қатынастар жүйесіне тәуелді болатынын атап көрсетеді. Бастауыш сынып оқушыларының өсіп-жетілуінің бір сатысынан екіншісіне көшуі кездейсоқ емес. Әр жастағы кезеңге тән жас және дербес ерекшеліктердің ұштасуын жиі байқауға болады. 81-ші бет

Белгілі бір шақтық кезеңге тән анатомиялық-физиологиялық және психологиялық ерекшеліктерді әдетте жас ерекшеліктері деп атайды. Сондықтан, педагогика және психология балалардың жас ерекшеліктеріндегі ширақтылықты, өзгерімпаздықты, тәрбиеленушінің іс-әрекеті және өзін қоршаған адамдармен жасайтын қарым-қатынастар жүйесіне олардың тәуелді болатынын атап көрсетеді.

Дене тәрбиесі бойынша маман, қозғалмалы ойындардың балалар жас ерекшелігіне (төменгі сынып балалары – 6-9 жас 1-4 сынып немесе жеткіншек жасы – 12-15;) мен жастардың (мектептен жоғары немесе бозбала жасы, 15-17) сәйкес келуін ескеруі керек яғни бастауыш сынып оқушыларының анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктерін міндетті түрде есепке алу қажет.

Бастауыш сынып оқушыларының жас және дара ерекшеліктері зерттеу барысында ескерілді себебі бастауыш сынып жасы – бұл айналадағы өзге әлемді баланың өз бойына сіңіре бастау, білім жинақтау, осыларды басымдылықпен игеру кезеңі болып табылады. Осы бір аса маңызды өмірлік функцияны табысты орындау баланың өзіне тән ерекшеліктерін осы жаста қалыптасуына қолайлы жағдай жасайды, яғни, ол мынадай ерекшеліктер: адамның беделіне зор сеніммен қарауы, кездесетін барлық жағдайларды тез қабылдап, оған тез әсерленгіштігі, аңғал да ойын баласының қарым-қатынасы. Бастауыш сынып жасындағы балалардың бойындағы осы аталған ерекшеліктердің әрқайсысы тек жақсы жақтарымен ғана көрініс табады, ал ол осы жастағы балаларға ғана тән қайталанбас ерекшеліктер болып табылады.

Бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін қалыптастыруда олардың мынандай дара ерекшеліктерін есепке алған жөн. Олар: сөзбен істің сәйкесті болуын талап етеді; жөнсіз кінәлаудың жеркену сезімі туады; үлкен адапмдардың жіберген қателерін тез байқайды; арманшыл, қиялшыл болады; ұйымшыл келеді; сенімді серік іздейді; өз мүмкіндіктерін, күшін асыра бағалайды; түрлі спорт ойындарында өте ықыласты болады т.б. (82 – ші бет).

Педагог бастауыш мектеп жасындағы баланың жас және дербес ерекшеліктері баланың бұрынғы дамуында жинақталып, оны өз кезегімен дамудың келесі сатысына көшуге дайындап отырады. Ал, бастауыш мектеп мұғалімі дене шынықтыру сабақтарында оқушылардың жас және дербес ерекшеліктерін зерттей отырып, сабақтардың әрбір кезеңінде есепке алып отыру қажет (82 – ші бет).

Бастауыш сыныптың баласына сәйкес ұлттық-қозғалмалы ойындардың мазмұны білім берудің жаңартылған мазмұнындағы инварианттық компоненттегі дене шынықтыру пәнінен басқа, бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастыру бойынша қосымша яғни бастауыш білім берудің жаңартылған мазмұндағы таңдау курсы ретінде қарастырылатын «Ұлттық қозғалмалы ойындар» атты элективті курс қажет деп ұйғарып, тәжірибенің қалыптастырушы кезеңінде «Ұлттық-қозғалмалы ойындар» элективті курс бағдарламасын жасап және тәжірибеден өткіздік (Қосымша Ә) (89 – ші бет).

Бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін қалыптастыру дегеніміз – оқушының оқуға, білімге деген ынта - ықыласының, құштарлығын, жас және дербес ерекшеліктеріне сай, мұғалім тарапынан жүзеге асырылатын үдеріс. Мысалы: Бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін қалыптастырудың негізгі факторы олардың білімі мен дағдыларының дәрежесі ғана емес, сонымен бірге, баланың маңызды психикалық қызметтерін, ақыл - ой жұмысының тәсілдерін қалыптастыруға мүмкіндік беретін оқу үдерісін жолға қою керектігі саналады. (84– ші бет).

- «Бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастырудың формалары мен әдістері» бөлімшесінде модульдік оқыту технологиясын бастауыш білім берудің жаңартылған мазмұнына сәйкестендіру;

Модульдік оқыту технологиясын бастауыш білім берудің жаңартылған мазмұнына сәйкестендіру барысында, біз бастауыш білім берудің жаңартылған мазмұнында, модуль – міндетті түрде бастауыш сынып оқушысының білімі мен біліктерін тексеру элементі бар оқу материалының логикалық аяқталған бөлімі екендігін анықтадық. Модульді құрастырған кезде оның мазмұнының байланыстылығы, логикасы, элементтерінің бір – бірімен өзара байланыстылығы және олардың бір – бірінен даралануы, ажыратылуы, ерекшелігі негізге алынады.

Модульдік оқытудың өзегі – оқу модулі. Модульдік оқыту – бұл бастауыш сынып оқушысының өз бетінше жұмыс істей алу мүмкіндігі.

Бастауыш білім берудің жаңартылған мазмұны жағдайында бұл технологияның мақсаты:

1 Оқушының өзін-өзі дамытуына қолайлы жағдайлар туғызу. Өз бетінше білім ала білуі, өзін-өзі басқара алуы;

2. Өзін-өзі анықтай алуы;

3. Өзін- өзі реттей білуі;

4. Өзіне-өзі сенімді болуға тәрбиелеу;

5. Өзіне-өзі баға бере білуі;

Осыған орай, бастауыш сынып оқушысының дербес әрекет ете алу мүмкіндіктерін дамыту, оқу материалдарын сараптаудың жекелеген тәсілдері арқылы еңбек ете білу үшін модульдік оқыту технологиясына сүйену керек (96 – ші бет).

Жаңартылған бағдарламада «Дене шынықтыру» білім саласының мазмұны денсаулықты нығайтуға, негізгі дене сапасын дамытуға және ағзаның функционалдық мүмкіндіктерін арттыруға бағытталған; қозғалыс мәдениетін қалыптастыру, жалпы дамытушылық және түзету бағытындағы дене жаттығуларымен қозғалыс тәжірибесін байыту; дене шынықтыру – сауықтыру және спорттық-сауықтыру іс-әрекеттерінде дағдылар мен біліктілікке үйрету, дене шынықтыру жаттығуларын өз бетінше ұйымдастыруға негізделген. Дене шынықтыру сабағына қатысушылардың қызметін қатаң реттеу қажет. Бұл сабақтың сауықтыру бағытына ішінара қол жеткізеді. Білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, жүктемелерді саралауды сақтау қажет. Оқу процесінде өз денсаулығын нығайту және ұзақ уақыт сақтау, еңбек қызметін оңтайландыру және белсенді демалысты ұйымдастыру үшін дене шынықтыру құндылықтарын белсенді пайдалана алатын білім алушылардың жан-жақты дамыған тұлғасын қалыптастыру қамтамасыз етілуі тиіс. Жұмысқа кіріскен кезде педагог білім алушылардың денсаулық жағдайын, жынысын, физикалық дамуын, физикалық дайындығын, психикалық қасиеттерін т.б. даму ерекшеліктерін ескеруі керек [143]. (95 – ші бет).

- «Бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастырудың формалары мен әдістері» бөлімшесінде бастауыш білім берудің жаңартылған мазмұндағы ережелеріне сәйкес формалары мен әдістерін көрсету;

Білім берудің жаңартылған мазмұны жағдайында бастауыш сынып оқушыларына дене шынықтыру сабақтарында жаңа технологияны пайдалану оқыту мен тәрбиелеудің жалпы заңдылықтарына бағынған. Сондықтан оны іске асыру барысында дене тәрбиесінің жас және жыныстық ерекшеліктерін ескере отырып, осы заңдылықтарды көрсететін жалпы педагогикалық ұстанымдарды басшылыққа алу қажет. Ол ұстанымдарға жататындар: жан-жақтылық, саналылық пен белсенділік, бірте-бірте жасалатын әрекет, қайталамалық, көрнекілік, жеке даралық.

Демек, бастауыш білім берудің жаңартылған мазмұны жағдайында бастауыш мектепте дене шынықтыру сабағында оқыту формалар мен әдістерді негізгі үш ережелерге сәйкес таңдау қажет:

а) оқу-тәрбие үдерісі көп жылғы және жыл бойындағы сипатқа ие болуы тиіс;

ә) сабақ барысында әрбір келесі сабақтың әсері алдыңғы сабақтың ізінше қатпарлы әсер қалдыруы тиіс, себебі жас оқушының ағзасында алдыңғы сабақтардың әсерінен пайда болған жағымды өзгерістер беки түсуі және жетіле түсуі қажет;

б) демалыс жұмыс қабілетін қалпына келтірудің арта түсуі үшін жеткілікті болуы тиіс.

Дене жүктемелерін бірте-бірте және жоғары деңгейге арттыру ұстанымы олардың көлемі мен қарқындылығының, оқушыны дайындауға қойылатын талаптардың бірте-бірте күрделенуінің үздіксіз арта түсуімен байланысты болып келеді.

Осыған орай, бастауыш білім берудің жаңартылған мазмұны жағдайында бастауыш мектепте дене шынықтыру сабағында мынадай оқыту формалар (жеке және топтық) мен әдістерді пайдалануға болады: «Кубизм» стратегиясы, «Миға шабуыл» әдісі, «Анкета» әдісі және т.б осы мазмұндас әдіс тәсілдерді қолдансақ, «Талдау», «Синтез» дағдыларында жаңа мазмұн мен бүтін ұғым тудыру мақсатында жеке бөліктер мен шығармашылықпен біріктіруді талап ететіндіктен «Кластер» әдісі, «Insert» әдісі, «Swot» талдау, «Өрмекші сызбасы», «ДЖИГСО» атты әдіс-тәсілдерді қолдану тиімді болмақ (103-104 – ші бет).

- Блум таксономиясына сәйкес ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы бастауыш сынып оқушысының таным белсенділігін қалыптастырудың механизмдерін айқындау;

Блум таксономиясына сәйкес ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы бастауыш сынып оқушысының таным белсенділігін қалыптастырудың механизмдерін айқындауда, біз жаңа

буын оқулықтары «Блум» таксономиясына негізделгендігін анықтадық. Ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы бастауыш сынып оқушысының таным белсенділігін қалыптастырудың механизмдері, ол бастауыш мектепте дене шынықтыру сабағында Блум таксономиясын қолданудың маңызы қандай? Блум таксономиясын қолдану қаншалықты тиімді? Блум таксономиясын сабақта қолдану арқылы оқушының бойындағы қандай қасиеттерді дамыта аламын? деп айқындадық. Сабақ жоспарын Блум таксономиясына негіздеп құру арқылы, оқушылар күнделікті талдау жасайды, бағалау жүргізеді. Таным мен ойлау деңгейін қалыптастыру барысында оқу материалының маңызын анықтау, ол туралы өзіндік пікір келтіру, ойын білдіру секілді іс-әрекеттер жүзеге асады. Осы жағдайда, Блум таксономиясы бойынша:

- Блум таксономиясы бойынша танымдық салада оқу мақсаттарын зерделеу және сабақты жоспарлауға қолдануды негіздеу;

- Мұғалімдердің өз пәні бойынша Блум таксономиясының танымдық деңгейлері бойынша сұрақтар мен тапсырмалар дайындау машықтарын жетілдіру;

- Блум таксономиясы негізінде сабақ жоспарлау және өткізу дағдыларын дамыту.

Ал «Блум таксономиясы» бойынша сабақты қорытынды жасағанда қойылған сұрақтарға топтар білу, түсіну, қолдану, талдау, жинақтау, бағалау аясында жауап береді.

Соның нәтижесінде оқушыда интерпритациялау дағдылары және шығармашылық тұрғыда ойлау мен таным қабілеттері қалыптасады (100 – ші бет).

- «Ұлттық қозғалмалы ойындар» элективті курсы бастауыш білім берудің жаңартылған мазмұндағы таңдау курсы мен факультативтік курс ретінде қарастыру;

Бағдарлама оқушының төрт тілдік дағдысын: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылымды жетілдіруге бағытталған. Осы негізгі төрт дағдыны қалыптастыру қажет. Бұл әр дағдының ерекше түсінігі бар. Бағдарлама «Біз пән бойынша не білеміз және білімді қалай меңгереміз?» ұстанымы аясында ұйымдастыруды талап етеді. Пән бойынша білімді меңгеру оқу бөлімдерінде тілдік дағдыларды қалыптастыру бойынша ұйымдастырылған. Оқу бөлімдері жинақталған білім мен түсінік және дағдыларды қалыптастыру мақсаттарын көздейтін бөлімшелерге бөлінген. Оқытудың мақсаттары әр бөлімше ішіндегі сабақтастықты айқындайды. Мұғалім мен оқушыға алдағы қадамдары жөнінде өзара ой бөлісуге, оларды жоспарлау мен бағалауға мүмкіндік береді.

Бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастыруда, Блум таксономиясының деңгейлерін ұтымды пайдалану үшін қысқа мерзімді жоспар құру барысында әр тапсырмаға сәйкес деңгейлерді анықтап, жаңашыл әдіс-тәсілдерді қолданамыз. Берілген тапсырманың мазмұнын анықтап, мазмұнына сәйкес, жаңашыл әдіс - тәсілдерді пайдаланамыз. Ойлау дағдысының ең жоғарғы деңгейінде оқушы өз позициясының дұрыс – бұрыстығын анықтап, оны жан-жақты пысықтайды. Сондықтан бұл деңгейде «Сіздің ойыңызша бұл дұрыс па, бұрыс па (маңызды ма, емес пе, жақтайсыз ба – қарсысыз ба)? деген пікірталас пен дау-дамай туғызатын сұрақтарды қолданған жөн (98 – ші бет).

Бағдарламадағы инварианттық компоненттегі дене шынықтыру пәнінен басқа, бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастыру бойынша қосымша яғни бастауыш білім берудің жаңартылған мазмұндағы таңдау курсы ретінде қарастырылатын «Ұлттық қозғалмалы ойындар» атты элективті курс қажет деп ұйғарып, тәжірибенің қалыптастырушы кезеңінде «Ұлттық-қозғалмалы ойындар» элективті курс бағдарламасын жасап және тәжірибеден өткіздік (Қосымша Ә) (90 – ші бет).

Сонымен қалыптастыру тәжірибесінің алғашқы кезеңінде біз әзірлеген бастауыш білім берудің жаңартылған мазмұндағы таңдау курсы ретінде қарастырылатын «Ұлттық қозғалмалы ойындар» атты элективті курсымыздың тиімділігін анықтау болатын (120 – ші бет).

- «Бастауыш сыныптарда дене шынықтыру пәнін модульдік технология арқылы оқыту мен үйретуді жобалау» (Кесте 8) кестесінде берілген модульдің мазмұнында сыныбын нақтылау, бастауыш сынып оқушысының жас және дара ерекшеліктерін ескеру;

Кесте 8 – Бастауыш сыныптарда дене шынықтыру пәнін модульдік технология арқылы оқыту мен үйретуді жобалау

I тоқсан	№ модуль	Модульдің мазмұны	Сағат саны	Сынып
8 сағат	1 модуль	Ойын туралы жалпы түсінік. Ұлттық ойындардың тарихы. Ұлттық-қозғалмалы ойын түрлері.	2 сағат	4 сынып
	2 модуль	Асық ойындары. Дәлділікті және мергендік қасиеттер н жетілдіретін ұлттық ойындар.	6 сағат	4 сынып
I тоқсан				
8 сағат	3 модуль	Төзімділік сапасын дамытуға арналған ойындар	4 сағат	4 сынып
	4 модуль	Жылдамдық сапасын дамытуға арналған қозғалмалы ойындар	4 сағат	4 сынып
III тоқсан				
10 сағат	5 модуль	Алғырлық пен белсенділік қасиеттерін дамытуға арналған ұлттық ойындар	3сағат	4 сынып
	6 модуль	Ойда сақтау қабілетін дамытуға арналған ұлттық ойындар	3 сағат	4 сынып
	7 модуль	Ептілік және илгіштік сапаларын дамытуға арналған ұлттық-қозғалмалы ойындар	2 сағат	4 сынып
	8 модуль	Дене, білек күшін шыңдайтын, төзімділік сапасын дамытатын ұлттық ойындар	2 сағат	4 сынып
IV тоқсан				
8 сағат	9 модуль	Тапқырлыққа, ерік-жігер қасиеттерін дамытуға арналған ұлттық ойындар.	4 сағат	4 сынып
	10модуль	Аң-құс, үй жануарларын бейнелейтін ұлттық қозғалмалы ойындар	4 сағат	4 сынып
Барлығы			34 сағат	

Бұл жерде бір оқу модуліне бөлінетін сағат санын, оның мақсатын, бастауыш сынып оқушыларының жас және дербес ерекшеліктерін есепке алу, оқыту мазмұнын және нәтижелерін анықтап алған соң, сол модуль сабақтарын ұйымдастырудың жолын ойластырып, оқу модулін құрастыру қажеттілігін негіздейміз. (100 -101– ші бет).

- «Ұлттық-қозғалмалы ойындар» курсының модульдік оқыту технологиясы бойынша құрастырылған оқу-тақырыптық жоспары (Кесте 9) мен кестенің астында берілген сабақты бастауыш білім берудің жаңартылған мазмұндағы тақырыптық жоспарына және сабақ үлгісіне сәйкес келтіру;

Бастауыш мектептің оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыруда жоспарланатын қысқартылған мерзімдік жоспарлары (ҚМЖ) үлгісіне сай жасалынды. (104 -116-ші бетте көрсетілген).

- Сурет 6, 7, 8 *stud.kz* сайтынан алынғандығы туралы сілтемемен көрсету; (104,105,106 ші бет)

Диссертациялық жұмыста берілген суреттерге сілтемелер қойылды. (104,105,106 ші бет)

- Қате берілген ақпараттарды дұрыстау (Мысалы, 112 бет);

Жалпы алғанда, қалыптастырушы эксперимент екі мектептің 4 сынып оқушыларымен жүргізілді. Бақылау тобына №66 мектептен 59 оқушысы, эксперимент тобына №16 мектептен 58 оқушысы тіркелді (121– ші бет).

-Диссертацияның өн бойындағы грамматикалық қателерді түзету (мысалы, зерттеудің пәні: оқушылардың танымдық белсенділіктерін ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастырудағы бастауыш сынып мұғалімінің іс-әрекеті. Әсіресе 17, 18, 25, 26, 29, 38, 40, 45, 55, 59, 62, 72, 79 беттерде қатты байқалады.

Сонымен бірге, Ә мен Г қосымшаларында «мектеп директоры» деген сөзде т әрпі мен к әрпі ауысып кеткен, бірақ қол қойылып, мөр басылған);

Зерттеудің пәні: оқушылардың танымдық белсенділіктерін ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастырудағы бастауыш сынып мұғалімінің іс-әрекеті. 10– ші бет 17, 18, 25, 26, 29, 38, 40, 45, 55, 59, 62, 72, 79 беттердегі грамматикалық қателіктер мен бірігіп кеткен сөйлемдер мен сөздер түзетілді;

Қосымша Ә «Ұлттық-қозғалмалы ойындар» факультативті курс бағдарламасы (149– ші бет).

Қосымша Г «Асық ойындары» үйірмесінің бағдарламасы (152– ші бет).

- Бірігіп кеткен сөйлемдер мен сөздерді түзету;

17, 18, 25, 26, 29, 38, 40, 45, 55, 59, 62, 72, 79 беттердегі грамматикалық қателіктер мен бірігіп кеткен сөйлемдер мен сөздер түзетілді;

- Түсініксіз сөздерді нормативтік құжаттар мен ресми сөздіктермен сәйкестендіру (мысалы, «өзбеттілікпен» 17, 21 беттер; «математикаландыру» 17 бет);

XXI ғасырдағы іргелі білім беру жүйесінің ерекшелігі кез-келген білім беру жүйесі білім алушыны біліммен қаруландырып қана қоймай, сонымен бірге білімнің үнемі және тез жаңаруына байланысты оларды өз бетінше (өзбеттілікпен) үздіксіз игеру қажеттілігін талап ететіндігінен көрінеді (17– ші бет).

Фарабидің таным туралы ілімінің негізгі мақсаты – ғылымды көтеру, философия мен діннің іс-әрекетін даралау, танудың ғылыми эксперименттік-теориялық, табиғат туралы білімдерді математикалық (математикаландыру) әдістерін жасау және дамыту болып табылады (17– ші бет).

- Түсініксіз аударылған мәтіндердегі сөздер мен сөйлемдерді мағыналы түрде түзету;

Кезінде К.Д. Ушинский атап өткендей «белсенділік адамға тән танымдық қабілет, алайда бұл қабілет жеке тұлғаның танымдық іс-әрекетінде практикалық қолданыс табуы үшін оқушының өз бетінше қалыптасуына ықпал ету қажет (өзбеттілікпен), оны білім мен дағдыларды белсенді және саналы түрде дамытуға бағыттау керек»-, деп пайымдаған еді (21– ші бет).

- «Бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарында ұлттық қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастырудың құрылымдық-

мазмұндық моделінде» (Сурет 3) бастауыш білім берудің жаңартылған мазмұндағы тұғырлары мен принциптерді нақтылау;

«Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысына өзгерістер 2016ж 13 мамыр. № 292.

Осы орайда, жаңартылған білім беру мазмұнының ерекшелігі қандай? Бұл бағдарламаның дәстүрлі бағдарламадан ерекшелігі:

□ Пән мазмұнының спиральді қағидатпен берілуі. Яғни пән мазмұны қарапайымнан күрделенуі;

□ Блум таксономиясы бойынша оқу мақсаттарының иерархиясы;

□ Бір білім беру аясындағы және пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру мақсатында «ортақ тақырыптардың» берілуі.

□ Оқу үдерісін ұзақ мерзімді, орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлар арқылы ұйымдастыру;

□ Оқытудың тәрбиелік әлеуетін арттыру, оқушының адамгершілік-рухани қасиеттерін қалыптастыру;

□ Білім беру деңгейлері аралығында пән бойынша сабақтастықты ескеруге мүмкіндік беретін толық оқу курсы бойынша педагогикалық мақсат қою;

□ Бөлімдердің мазмұны мен ұсынылған тақырыптардың уақыт талабына сәйкес келуі, әлеуметтік дағдыларды қалыптастыруға назар аударылуы;

□ Оқытудағы жүйелі-әрекеттік ұстаным (оқушының білім алу үдерісіне белсенді қатысу).

Жаңартылған білім беру мазмұнына сәйкес төменгі сынып жасындағы оқушылардың танымдық белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарындағы ұлттық қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастырудың негізгі ұстанымдары ретінде қабілет пен бейімділік, саналылық пен белсенділік, жүйелілік пен бірізділік, этностық-мәдени сәйкестілік, спиральді оқыту, жүйелі-әрекеттік ұстанымдары қарастырылды.

Сурет 3 – Бастауыш мектеп жасындағы оқушылардың танымдық белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі (71-73 ші бет).

- Сауалнаманың пайыздық көрсеткіштерін (Кесте 4) эксперименттен кейінгі мәліметтермен салыстыру;

Мәдениеттанымдық тұғыр – тұлға қалыптастырудағы таным мен педагогикалық іс-әрекеттерді қайта құруға немесе өзгерістер енгізуге бағыт-бағдар беруде мәдени құндылық іліміне сүйенеді. Аталмыш тұғыр арқылы бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін қалыптастыруда мәдениетпен объективтік байланысы арқылы білім алушының мінез-құлқындағы құндылықтар жүйесін зерттейді (74 ші бет).

Қалыптастырушы эксперимент жұмысы кезінде жүргізілген іс-шаралар эксперимент топтарында жоғарғы деңгей көрсеткіштерінің айтарлықтай арта түскені, бірінші кезекте оқушылардың ұлттық қозғалмалы ойындарға деген қызығушылықтарының пайда болуы әсер етті деген болжам жасадық. Оның дәлелін төмендегі кестеден көруге болады.

Сауалнамаға қатысқан екі мектептің оқушыларының жауабы талданып, кестеде жауаптарының пайыздық көрсеткіштері берілді. Сауалнамаға екі мектептен 117 бала қатысты (20-кесте 131-132 ші беттерінде көрсетілген).

- *Диссертацияны нормативтік құжаттармен толықтыру (Мысалы, «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты», «Бастауыш білім берудің жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасы», «Жалпы орта білім берудің жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламалары», «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламалары» т.б.);*

Диссертацияда берліген нормативтік құжаттары толықтырылды (3 ші бет).

- Соңғы бес жылдағы қолданылған әдебиеттер саны — 21, оның ішінде докторанттың мақаласының саны - 8.

Пайдаланған әдебиеттер тізіміне тақырып мазмұнына сай соңғы бес жылдағы дереккөздер енгізілді. (138–146 ші бет)

- 73 Галкина В.М. Формирование и развитие мотивации учения младших школьников// Проблемы современной науки и образования. – 2015. – №5(35). – С. 96-99.

- 76 Эльконин Д. Б.- Детская психология: учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений / ред.-сост. — 4-е изд., стер. — М.: Издательский центр «Академия», 2007. — 384 с.

- 93 Куатбеков Ш. Н., Есиркепов Ж. М. Ұлттық спорттың танымдық және тәрбиелік мәні // Молодой ученый. — 2015. — № 6.2 (86.2). — С. 43-45.
<https://moluch.ru/archive/86/16537/>

- 105 Әбу Насыр әл-Фараби: 7 томдық жинағы. - Алматы: RS; Халықаралық Абай клубы, 2019.

- 108 Ушинский К. Д. Избранные педагогические сочинения/. Издательство Юрайт, — ISBN 978-5-534- Москва : 2018. — 363 с

- 118 Ниязова Г.М., Балтымова М.Р. этнографические материалы в творчестве казахского писателя жиенгалия тлепбергеноулы/. Материалы Всероссийской научно-практической конференции с международным участием. Оренбург, 2022

- 132 Фролов И.Т. -Философский словарь•М.: Республика, 2001. - 719 с. •ISBN 5-250-02742-3

- 135 Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы

- 142 Шегенбаев Н.Б. Мектеп оқушыларына дене тәрбиесі сабағындағы ойынның әсері. «Педагогикалық білім берудің заманауи трендтері» атты халықаралық ғылымтәжірибелік конференциясының ғылыми мақалалар жинағы. - Шымкент: «ОңтүстікПолиграфия» баспасы, 2020.

- 145 Албытова Н.П. Болашақ педагогтің ұлттық келбетін қалыптастырудағы кәсіби сапалар. С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті Хабаршысы, 2020.- №1. Б60-71.

- 147 Дюсембинова Р.Қ., Бөжиг Ж., Сармантаев А.С. және т.б. Дене шынықтыру сабақтарында бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін ұлттық ойындар арқылы қалыптастыру // Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі. – 2023. – №1(71). – Б. 113-117.

Диссертациялық Кеңес төрағасы

С.К.Абильдина

Ғылыми кеңесші
п.ғ.к., PhD докторы,
профессор

П.З.Ишанов